

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Н.Н.Хисин

«2» 09 2025ж



«Жалпы білім беретін М.Өтемісов атындағы орта мектеп» КММ
2025-2026 оқу жылына арналған бракеражды комиссияның жұмыс жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Оқушылардың сапалы тамақтануын қамтамасыз ету және қадағалау үшін бракеражды комиссия құрамын бекіту	Тамыз-қыркүйек	Мектеп директоры
2	Асхананың жаңа оқу жылына дайындығын тексеру	Тамыз-қыркүйек	Комиссия мүшелері
3	Оқушылардың сапалы тамақтануын қамтамасыз ету және қадағалау мақсатында «Ыстық тамақты ұйымдастыру» туралы мектепшілік бұйрық шығару	Тамыз-қыркүйек	Мектеп директоры
4	Ай сайын комиссия мүшелері мектеп асханасын тексеріп, қорытындысы бойынша акт түзу	Айына 1 рет	Комиссия мүшелері
5	Тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың жүргізілуін қадағалау	күнделікті	Комиссия мүшелері Мектеп медбикесі
6	Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын ыстық тамақпен қамту жұмыстарының жүргізілуін қадағалау	Күнделікті	Комиссия мүшелері
7	Асхананың санитарлық талаптарға сай жұмыс жүргізілуін қадағалау	Күнделікті	Мектеп медбикесі
8	Салауатты өмір салтын насихаттау мен дұрыс тамақтану туралы оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Арнайы жоспарға сай	Сынып жетекшілер Мектеп медбикесі
9	Мектеп асханасында және буфетте сатуға тыйым салынған заттардың болмауын қадағалау	Жыл бойы	Комиссия мүшелері Мектеп медбикесі

Әлеуметтік педагог

Рахымғали Балерке Рахымғалиқызы

«Жалпы білім беретін М.Өтемісов атындағы орта мектеп» КММ

Біз, төмендегі комиссия мүшелері, мектеп асханасында тамақтанудың іс жүзіндегі рационы күнделікті ас мәзіріне сәйкес немесе сәйкес еместігіне тамақтың сапасын қадағалау мақсатында 2025 жылдың 03 қыркүйек күні тексеріс жүргізіп, акт жасадық.

Тексеру барысында асхананың ас әзірлеу блогының тазалығы, ас әзірлейтін ыдыстары, тамақтың сапасы, аспазшылар құжаттары тексерілді. Тамақтың ас мәзірімен сәйкестігі, газдалған сусындардың болмауы, тыйым салынған тағам түрлерінің сатылмауы қаралды. Ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен нормаға сәйкестігін, дайын тамақтың калориясын, асхананың тазалығы, таңбасы бар өндірістік үстелдер және асхана ыдыстары тексерілді. Шикі ет өнімдерінің міндетті түрде барлық сапасы мен қауіпсіздігін растайтын дәлелді құжаттары қаралды. Сонымен қатар өндірістік бақылауға, қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуге қойылатын талаптар, арнайы киімге қойылатын талаптардың үнемі орындалып отыруы комиссия мүшелері ескертті. Мектеп асханасында ИП «Сельбаева» жұмыс істейді. Әр бір оқушы талапқа сай тамақтандырылу керек екенін және ең бастысы тазалық дұрыс сақталу керек екені айтылды.

Жалпылама айтқанда аспазшылар мен кондитер маманына комиссия мүшелері тарапынан дәмді және сапалы тағам түрлерін дайындауға барлық күш жігер жұмсалу керектігі және әр түрлі жұқпалы ішек ауруларының алдын алу үшін үнемі тазалық соның ішінде ыдыстардың тазалығы, әр түрлі жұқпалы ішек ауруларының алдын алу үшін үнемі тазалық соның ішінде ыдыстардың тазалығы, әр түрлі тағамдар мен көкөністердің сапасы ас дайындау және оқушылардың ас ішетінін блогының тазалығы қатаң бақылану керектігі ең бірінші орында болуы ескертілді.

Қорытынды жасалды.

Мектеп асханасының ас әзірлеу блогының жағдайы жақсы. Мерзімі өткен, тыйым салынған тағам түрлері сатылмайды. Күнделікті дайындалған тағам ас мәзіріне сәйкес келеді. Тегін ыстық тамақ оқушыларға тиісті ас мәзірі бойынша беріліп отыр. Аспазшылар және асхананың қызметкерлерінің арнайы формалары сақталған.

Комиссия мүшелері:

1. Мектеп директоры Н.Н.Хисин

2. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Ермахашева

3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Мукашева

4. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ж.Кулманова

5. Мектеп медбикесі А.Кишекенова

6. Әлеуметтік педагог Б.Рахымғали



«Бекітемін»
мектеп директоры
Н.Н.Хисин

03.09.2025жыл

Тамактану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы
«Жалпы білім беретін М.Өтемісов атындағы орта мектеп»

Тексеру жүргізгендер:

Мектеп директоры Н.Н.Хисин
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Ермахашева
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.Мукашева
Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Ж.Кулманова
Мектеп медбикесі: А.Кишкенова
Әлеуметтік педагог: Б.Рахымғали

Комиссия оқушылардың тамактану сапасына мониторинг жүргізді:

1.Мектеп бойынша тамақ ішетін 1-4 сыныптар және аз қамтылған оқушыларға арналған ас мәзірін тексеру

Тексеріс барысында ас мәзірінде көрсетілген тағамдар оқушыларға өз уақытында берілді.Тамақ сапасы жақсы, дәмді белгіленген нормаға сай болды.Ас ішу кезінде оқушылар пікірі де тыңдалды. Тамақ уақытымен, кестеге сай берілді.

2.Асхананың санитарлық жағдайын бақылау.

Ыдыс жуатын бөлмелерде қолданылатын жуғыш заттардың құрамы және көлемі көрсетілген. Буфеттің жабдықтары мен құралдарды тазалау жұмыстарынан кейін СанПин сай дезинфекция жүргізіледі. Тамақ ішкен сайын СанПин сай жинастырылып, жуылады. Ыстық суға жуғыш заттар қосып үстелдер жуылады.

Мектептегі буфеттік өніммен тамактануды ұйымдастыру және қорытындысы бойынша:

Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен 1-4 бастауыш сынып оқушыларынан 227 оқушы және 5-11 сынып аз қамтылған отбасыдан 39 оқушы тегін тамақтанады.

Ыдыстар арнайы ыдыс жуатын орында жуылып, шайылып, кептіріледі. Буфетте қайнаған су эмальды ыдыста қолданыста тұрады. Буфетте қол жуатын қолжуғыш, сұйық сабын және қағаз сүлгілер үнемі тұрады. Асхана іші таза, жарық, санитарлық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде.

Шешім:

- 1.Тамақ өнімдерінің сапасы ыстық тамақ талапқа сай.
- 2.Асханадағы тазалық ережелерінің нормалары сақталған.
- 3.Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлімінің шығымы өз деңгейінде

Ұсыныс:

- 1.Оқушылардың мектеп асханасынан күнделікті тамактануы мектеп медбикесі, сынып жетекшісі және әлеуметтік педагог тарапынан қадағалансын.
- 2.Күнделікті ас мәзірі бойынша түске дейін және түстен кейін ас уақытылы сапалы дайындалу керек;

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Директордың тәрбие ісі жөніндегі

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Мектеп медбикесі:

Әлеуметтік педагог:

Ж.Ермахашева

Ж.Мукашева

Ж.Кулманова

А.Кишкенова

Б.Рахымғали